

№67 гимназиясы «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы
2020 – 2021 оқу жылының I оқу тоқсанында жүргізілген жұмыстың
аналитикалық анықтамасы

2020 - 2021 оқу жылында гимназияда «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері қайта құрылды.

Гимназияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу және іс-шаралар ұйымдастыру қосымша білім беру педагогы Қуанышбеков Жәнібек Талғатұлына берілді.

2020 - 2021 оқу жылының қыркүйек айында гимназия қабырғасында оқушыларға арналған ақпараттық «Парасатты азамат» бұрышы жасалған. Бұрыштың басты мақсаты азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адамның құқықтарына, бостандықтарына және міндеттеріне құрметті, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы, сыбайлас жемқорлыққа төзбеу мәдениетін, еңбексүйгіштікке, оқуға, еңбекке, өмірге жасампаздықпен қарауға тәрбиелеу.



Гимназия оқушылары үшін «Адалдық дүкені» жұмыс жасап тұр. Бұл - тәрбие мекені болмақ. Себебі, қажетті заттарды алып, алынған тауар үшін ақшаны қайырымдылық мақсатында жұмсалады. Затты сатып алушылар өздеріне қызмет көрсетпек.

Мұндай дүкендерді ашу балалар мен жастардың жағымды моральдық қасиеттерін, соның ішінде ішкі парасаттылық пен адалдықты тәрбиелеуге бағытталып отыр.



Қыркүйек айында гимназиямыздың 11«в» сынып оқушыларымен «Бала құқығы - адам құқығы» дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған сынып сағаты өтті. Сабақтың тақырыбы «Отбасындағы зорлық-зомбылық» болды. Адам

құқықтарын сақтау, өз құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру, оқушыларға адам құқығы, бала құқығы, құқықты алаң, оқушының құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту, проблемалық жағдаяттарды құқықтық тәсілмен шешуге үйрету, оқушыларға өз құқықтары мен еркіндіктерін шектеп ұстау міндеттілігі туралы, құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу еді.




Қазан айының 9-ы күні «Адал ұрпақ» ұйымы мүшелері мен гимназияның 7-10 сынып оқушыларының қатысуымен құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі профилактикалық кеңестің отырысы өтті! Жиын онлайн форматта ZOOM платформасында ұйымдастырылды.

Гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Рахметуллин А.Ж оқушылар мен жасөспірімдер арасында кездесетін құқық бұзушылықтың алдын алу туралы кіріспе сөз сөйлеп, қатысушылармен таныстырды.

Келесі сөз арнайы шақырылған қонақ Нұр-Сұлтан қаласы ПД қызметкеріне берілді.

Одан кейін қосымша білім беру педагогы Қуанышбеков Ж.Т. «Адал ұрпақ» ерікті мектеп ұйымы жайында ақпарат беріп, жұмысымен таныстырды.

Өз кезегінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Оңалбаева Г.Б. «Тәуекел» тобының жұмысы туралы таныстырды.






Қараша айының 3-і күні «Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды» тақырыбында 9 «Б» сынып оқушыларымен вебинар өткізілді. Әкімшілік құқықбұзушылық бұл - әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтыратын қауіпті емес құқық бұзушылық екендігі айтылып, жаза – айыппұлдан бас бостандығынан

айыруға дейін, 4 жылға дейін мүлкін тәркілеумен байланысты және вандализм туралы балаларға мәлімет берілді. Вебинар соңында Баймұқан Азамат Нұрбекұлына балаларға құқықтық сағат өткізгені үшін, алғысымызды білдіріп ақтадық.



Үстіміздегі жылдың 4 қараша күні Microsoft Teams платформасында «Шанс» кәмелетке толмағандарды әлеуметтік-құқықтық қолдау орталығының жетекшісі-Шунаева Г.Е, «Право» ҚҚ-ның заңгері – Баймұқан А.Н., Психолог Ахметжанова М.В. қатысуымен дүниежүзілік балалар күніне орай «Бала құқығы – адам құқығы» жұмыс жоспарына сәйкес онлайн-семинар өтті. Семинардың негізгі мақсаты балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру. 1989 ж 20 қарашада қабылданған «Халықаралық бала құқығы туралы» конвенция мен ҚР «Бала құқығы туралы» Заңы шеңбері аясында балалардың негізгі құқықтары және міндеттерімен таныстыру болды.



Қосымша білім беру педагогы

Ж. Қуанышбеков